

2010 жылғы 1 қыркүйекке жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2010 жылғы 1 қыркүйекте республикада 13 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2010 жылғы тамыз айында берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 15 заңды тұлғада бар, оның ішінде 12 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 2 083,8 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 870 325 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы тамыз айында 31 452 (0,4%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 35,0 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайды.

2010 жылғы 1 қыркүйекте міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «МЖЗҚ» – 22,2%, «Қазақстан Халық Банкі» – 25,5%, «Ұлар Үміт» – 14,2% және «БТА Қазақстан» - 10,1% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 72,0%-ы келеді. 2010 жылғы тамыз айында 4 қордың үлесі 0,1 пайыздық тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгемен 40 081 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы тамыз айында 64 бірлікке (0,2%) ұлғайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 94,2 млн. теңгемен 4 057 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы тамыз айында 4 бірлікке азайды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2010 жылғы тамыз айында 35,1 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 қыркүйекте 2 089,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың тамыз айында 30,1 млрд. теңгеге (1,8%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 қыркүйекте 1 688,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 519,6 млрд. теңге болды. 2010 жылғы тамыз айында «таза» инвестициялық кіріс 10,0 млрд. теңгеге (2,0%) өсті.


Салымшылардың (алушылардың) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	1.01.09	1.01.10	1.09.10	млрд. теңге	
				1.01.10 салыстырғандағы өсім	1.01.10 салыстырғандағы өсім (%)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 420,5	1 860,5	2 089,3	228,8	12,3
Зейнетақы жарналары	1 184,7	1 488,8	1 688,8	200,0	13,4
«Таза» инвестициялық кіріс	307,0	481,7	519,6	37,9	7,9
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	21,6	25,9	24,9	-	-1%-дық тармақ

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі жылдың басынан бастап 228,8 млрд. теңгені құрағаны байқалады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 28,6 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 қыркүйектегі ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 651,5 млрд. теңге (31,2%), «МЖЗҚ» – 340,8 млрд. теңге (16,3%), «ҰларҮміт» – 295,1 млрд. теңге (14,1%) және «БТА Қазақстан» – 178,2 млрд. теңге (8,5%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 70,1%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы тамыз айында 0,1 млрд. теңгеге (0,8%) өсіп, 2010 жылғы 1 қыркүйекте 12,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 168,9 млрд. теңге болды немесе тамыз айында 4,6 млрд. теңгеге (2,8%) өсті. Қорлар 2010 жылдың басынан бастап алушыларға жалпы сомасы 36,7 млрд. теңгеге (27,8%) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 6,6 млрд. теңгеге 3 323 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2010 жылғы 1 қыркүйекте 10,5 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында

орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару тамыз айында 29,3 млрд. теңгеге (3,1%) ұлғайып, 962,9 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі тамыз айында 36,9 млрд. теңгеге немесе 1,8%-ға өсіп, 2 089,1 млрд. теңге болды.

2009 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2010 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 30,59 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	652 588	31,24
"ГНПФ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	341 892	16,36
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	339 955	16,27
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	293 583	14,05
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	46 372	2,22
«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	176 762	8,46
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ ЕҰ)	136 200	6,52
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	136 200	6,52
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	100 202	4,80

"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	71 388	3,42
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	69 683	3,34
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	63 617	3,04
"Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	63 617	3,04
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	58 889	2,82
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	54 454	2,61
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	23 478	1,12
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	2 089 108	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың қыркүйек айында 21,4 млрд. теңгеге немесе 1,06%-ға өсіп, 2010 жылғы 1 тамызда 2045,9 млрд. теңгені құрады.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,06%-ын (922,0 млрд. теңге) құрайды және 1 тамыздағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 3,81%-ға немесе 33,8 млрд. теңгеге өсті. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 32,58%-ын құрады (666,6 млрд. теңге).

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.08.2010		1.09.2010	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	888 181	43,87	922 045	45,06
ҚР еурооблигациялары	0	0	0,00	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	767 920	37,93	803 317	39,26
Ұлттық Банктің ноттары	120 261	5,94	118 728	5,80
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	201 475	9,95	198 783	9,71
акциялар	48 752	2,41	51 213	2,50
облигациялар	152 723	7,54	147 570	7,21
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	42 100	2,08	41 893	2,05
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	72 524	3,58	68 645	3,36
Тазартылған алтын	22 874	1,13	23 673	1,16
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	660 433	32,62	666 560	32,58
акциялар	178 381	8,81	178 658	8,73
облигациялар, оның ішінде	482 052	23,81	487 902	23,85
Шетел валютасында номинирленген	25 954	1,28	53 841	2,63
теңгеге номинирленген	456 098	22,53	434 061	21,22
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	137 568	6,80	124 901	6,11
Туынды бағалы қағаздар	-650	-0,03	-560	-0,03
Жиынтығы	2 024 505	100	2 045 940	100

ҚР эмитенттері техникалық дефолтқа жол берген, жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың үлесі 2010 жылғы 1 қыркүйекте зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 4,0%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 83,1 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2005 жылғы тамыз – 2010 жылғы тамыз кезеңінде – 43,35%. Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 41,17% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,53%);


– 2007 жылғы тамыз – 2010 жылғы тамыз кезеңінде – 16,71% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 35,84%);

– 2009 жылғы тамыз – 2010 жылғы тамыз кезеңінде – 4,69% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 6,5%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2010 жылғы 1 қыркүйекте алдыңғы айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,28 пайыздық тармаққа азайды;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,28 пайыздық тармаққа өсті;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,78 пайыздық тармаққа азайды.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 77,2 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 43,8 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 57%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 83,8 млрд. теңге болды.

2010 жылғы қаңтар - тамыз айларында 5 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ Қазақстан», «БТА Қазақстан», «Қазақмыс» және «Республика») жалпы сомасы 3,1 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 8 қор жалпы сомасы 6,7 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 қыркүйекте 3,6 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 67,4 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 80,4%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 56,9%, шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына – 1,6%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 14,1%, «Кері РЕПО» операцияларына - 2,9% инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі

салымдарға – 21,2%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 3,3 %-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.09.10
ЖІӨ млрд.теңге	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	19 303,6 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	10,8
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	8,7
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	2,7
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері